

Н.Р. Бижан^{1*}, Г.М. Атаханова², Қ. Аратұлы²

¹ А.Ж. Ташенев атындағы университеті,
Шымкент қ., 160000, Қазақстан Республикасы
² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: atakan73@mail.ru

ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН ЖАЗАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Қазіргі таңда әйел мен бала құқығын қорғау өткен шақтан қарағанда өзектілік пен маңыздылық сипатына аса ие болып, қоғамның барлық мүшелерімен ерекше зейін салып қарастыруды қажет етіп отыр. Авторлармен орындалған ғылыми мақала жұмысында қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелері болып табылатын, соның ішінде әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстары туралы зерттеу мәселелері қарастырылып, соған орай сол мәселелер бойынша қолданылатын жаза мәселелері де көтерілген. Сонымен қатар аталған ғылыми зерттеу жұмысы нәтижелері әйелді, жүкті әйелді, есі кіресілі-шығасылы немесе психикалық ауытқуы бар адамдардың тәуелділігін пайдалана отырып қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту үрдісінде де тұлғалардың құқығына қол сұғушылықтан қорғайтын қылмыстық құқықтық заңнамадағы бұл ұғымдар да адам мен азаматтардың ажырамас конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған. Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу шараларын анықтау және жетілдіру болып табылады. Зерттеу нәтижесінде әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарын жүзеге асырудағы қылмыскерлердің (құқық бұзушылардың) тұлғалық портреттері және виктимологиялық ескертулері зерттеліп, осы қылмыстардың құрбандарының сипаттамаларын ашу арқылы қылмыс жасаудың себептері мен жағдайлары, алдын алу (ескерту) бойынша ағымдағы шаралар кешені отандық және шет елдік тәжірибелер барысында айқындалды.

Негізгі сөздер: әйел және бала, зорлық-зомбылық қылмыстары, қылмыстың профилактикасы, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, тұрақты қарулы топ (банда), жазалау.

Кіріспе

Адам баласы жер бетінде пайда болғаннан бастап қылмыстылықпен күрестің әдістері мен тәсілдерін іздестіруде. Көне даму заманынан бері философтардың, тарихшылардың, психологтардың және заңгерлердің еңбектеріне сүйене отырып қылмыстың жасалу себептерін айқындауда. Қылмыстылық әлеуметтік құбылыс болғандықтан, онымен күрестің тиімділігі мен оның алдын алуы кешенді түрде жүргізілуі тиіс. Сондықтан, ауқымды түрдегі қылмыстылықпен күрестің жоспары экономикалық, әлеуметтік-мәдени, тәрбие және де құқықтық шаралардан тұрады. Бұл мәселелерді шешуде әйелдер арасындағы, ұйымдасқан қылмыстылықтан, адамдармен манипуляциялау қылмыстарынан тұратын құбылыстарды қарастыру ұсынылады. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, ең алдымен отбасылық қарым-қатынастарға, отбасындағы барлық мүшелердің құқықтарын аяқ асты етуге алып келеді [1].

Ғалым Е.Д. Муханов отбасылық зорлық-зомбылықты агрессияға толы және отбасы мүшелеріне қарсы жасалған дұшпандық әрекеттердің соңы дене жарақатымен қорлану, неемсе өлумен аяқталуы мүмкін [2]. С.Я. Саламованың пікірінше, тұрмыстық зорлық-зомбылық қорқыту, үрейлендіру сынды сезімдердімен астасқан әр түрлі физикалық, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлықпен жүзеге асырылады [3]. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке қылмыстардан айырмашылығы жанжал жағдайларымен ерекшеленетін жүйелі түрде қайталана беретін және үшінші тұлғалардың араласуынсыз оң шешудің мүмкін еместігі сынды белгілерін атап кеткен жөн. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қылмыстары жәбірленушіге қарсы нақты зорлық-зомбылық немесе бақылау әрекеттері деп түсіну керек, бұл қылмыстылықтың көбінесе құрбандары әйелдер мен балалар болып табылады [4]. Статистика мәліметінше зорлық-зомбылық қылмыстарына ұшырайтын әйелдердің 57% және балалардың 36% құрайтындығын ескерсек, бұл сандардың жоғары екендігі және қылмыстық-құқықтық

механизмдердің қазіргі даму деңгейін ескере отырып, қылмысқа қарсы күрес шаралары туралы зерттеу жүргізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Біз зерттеуімізде салыстырмалы құқықтың негізгі әдістерін пайдаландық. Атап айтсақ, синхронды, диахронды әдістер арқылы әйелдерге қатысты зорлықшыл қылмыстардың бүгінгі жәй-күйімен өсу тенденциясы, қылмыскердің жеке тұлғасын сипаттауда, қазіргі қоғамдағы басқа да қылмыстардың даму динамикасымен салыстыра отырып зерттей алдық. Жалпы алғанда салыстырмалы құқықтың негізін салушы Аристотель. Ол грек және варвар қалаларының 158 Конституциясын салыстырған. Сонымен қатар, салыстырмалы әдіс арқылы әйелдерге қатысты зорлықшыл қылмыстардың алдын алу шараларын дұрыс ұйымдастыру жолында ғалымдар болжамдарын мен теориялар, идеяларды салыстыра отырып, өз тұжырымдарымызды алға шығаруда пайдаландық. Зерттеуіміздің құндылығын арттыру жолында формальді-заңдық әдіс-тәсілі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарына құқықтық тұрғыда баға беруде, (мысалға, «елеулі зардап» «қылмыскердің жеке басы», «кінәні жеңілдететін мән-жайлар» секілді арнаулы заң терминдері), анықтап, олардың белгілерін шығаруға, саралау жүргізуге, құқықтық жазбаларды түсіндіруге және т.б. мүмкіндік береді.

Статистикалық әдіс жиі қайталанатын құқықбұзушылық, заңдық тәжірибе, әйелдерді манипуляциялау арқылы зорлық-зомбылық әрекеттерінің қоғамдағы орын көлемін, көрсеткіштерін алуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен оларды талқылаулар

Әлемнің қай елі болса да, экономикасы дамыған не артта қалған мемлекет болсын, әйелдерді ұрып-соғады, сатады, зорлайды және өлтіреді. Мұндай адам құқықтарының бұзылуы жеке адамдарға үлкен зиян мен қасірет әкеліп қана қоймайды, сонымен бірге тұтас қоғамның іргетасын бұзады. Ал, қазіргі таңда АҚШ-та жыл сайын 1,3 млн, әйел өз күйеулерінен таяқ жесе, Францияда әйелдердің 10 айызына бір рет те болса күйеулері қол жұмсағаны сауалнама арқылы белгілі болып отыр. Ал Ресейде жылына 12-14 мың әйел өз жұбайларынан ажал құшады не мүгедек болып қала екен. Біздің көреген аталарымыз әйел деген әлсіз де нәзік жандыларға тек әлсіз, тексіз еркек ғана қол көтереді деп бұл әдеттен әрдайым болашақ ұрақты безіндіріп отырған. Ал, ардан аттап, күнәлі іске барған әйелдің жазасын бүкіл ел болып, масқаралап келешек ұрпаққа әйел баратын жаман қылықтардан қыздарын қорғаштай білгені мәлім. COVID-19 пандемиясы кезінде Индонезияда тұрмыстық зорлық-зомбылық алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай өскен, Индонезиядағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары екі негізгі кедергіге байланысты әділдікке қол жеткізе алмағанын көрсетеді. Біріншіден, тиісті мемлекеттік органға ресми шағым түсірмес бұрын, жәбірленушілер мәселені алдымен туыстарымен талқылағанды жөн көрген. Екіншіден, орын алған қозғалыс шектеулеріне байланысты жәбірленушілер өз істерін жауапты органға хабарлай алмаған. Бұл жағдай патриархалды қоғамдарда қылмыстық әділет жүйесінің тұрмыстық зорлық-зомбылық істерін тиімді түрде шеше алмайтынын дәлелдейді. Осыған байланысты қылмыстық әділет жүйесінің техникалық жұмысын жетілдіру іс жүргізу тәсілінің жаңа моделін қажет ететіндігін ұсынып отыр [5].

Португалияда тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін, олардың ауырлығын және динамикасының өзгеруін жан-жақты түсіну үшін келесі негізгі көрсеткіштерді талдап, олардың түрлеріне тоқталған:

1. жәбірленушілерге жасалған зорлық-зомбылықтың түрлері;
2. алынған дене жарақаттарының саны мен олардың деңгейі, соның ішінде медициналық көмектің қажеттілігі;
3. құқық бұзушылықтардың қайталану жиілігі;
4. күдікті құқық бұзушылардың қылмыстық қудалау органдарына жүгіну жағдайларының санының төмендігін атаған [6].

Әйелдерге зорлық- зомбылық көрсету арқылы манипуляциялау іс-әрекеттері қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр [7]. Соңғы онжылдықтардағы зерттеулер

бойынша әйелдерге қатысты зорлықшыл қылмыстардың бір себебі әйелдің не оның серіктерінің зиянды алкогольді немесе басқа да заттарды теріс пайдаланудың әсері екендігі дәлелденді [8]. Адам құқықтары оның ішінде өмірдің бастауы болған ана мен бала құқықтарын қорғау және құрметтеу біздің (тұтас мемлекеттің) дамуымыздың маңызды шарты болып табылады.

Зорлық-зомбылық қылмыстарға бейім адамның жеке басын саралайтын болсақ, өмірде жолы болмаған қатыгез деп сипаттауға болады. Қылмыскердің жеке тұлғасын саралағанда қылмыскердің басқаларға деген эмпатиялық көзқарасы, физикалық азап шеккен ер адамдардың осы әрекетке баратыны рас. Ю. М. Антонянның, пайымдауынша, әйелдерге және балаларға қатысты зорлықшыл қылмыстарды жасаушы тұлғаның ер адам болуы және қайталанатын соттылығы бар, агрессияға бейім болып келеді екен. Д.А. Эрте әйелдер агрессияны көрсетуге бейім деп санайды, тек зорлықшыл қылмыстарды жасаудағы дәрежесі төмен екендігін алға тартады [9]. Зорлықшыл қылмыстардың ішінде отбасы-тұрмыстық қылмыстар ерекше орын алады. Бұл жерде қылмыстың себебі болып физикалық күш, отбасы мүшелерінің теріс жүйелі әрекеттері, мысалы, азаптау, алкогольді тұтыну, жанжалдар, қауіптер, тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары және т.б. Н. Золотухиннің зерттеуінде статистикалық мәліметтер сай отбасылық зорлықшыл қылмыстарды жасудағы жасөспірімдердің кездесуі 1 % екендігін расталған [10]. Жасөспірімдердің осындай қылмыс жасауына себепші фактор кәмелетке толмаған адамның жеке басының қалыптасуына әсер ететін отбасылық-тұрмыстық агрессор, отбасының теріс әсері мен мүдделі тұлғалар тарапынан базалық бақылаудың болмауы. Отбасылық-тұрмыстық саладағы кәмелетке толмаған қылмыскер, көбінесе туыстарынан психологиялық тұрғыдан алшақ, қоғамға жат өмір салтын жүргізеді, сондай-ақ жақын адамдар тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырағандығы дәлелденіп отыр.

Зорлық-зомбылық қылмыстарының өзі құқық бұзушылықтың мақсатқа жету жолы емес, қылмыстың мотивациялық бөлігі болып табылады. Кейде зорлық-зомбылық қылмыскерді қамауға алу сияқты қоғамдық пайдалы мақсатқа бағытталған болса, заңмен ынталандырылуы мүмкін. Әйелдерді манипуляциялау қылмыстары көбінесе агрессиямен тығыз байланысты, оның әсерінен адам күтілетін зардаптардың ауырлығы туралы ойланбайды. Криминология сияқты ғылым қылмыстардың сипаты мен жүзеге асыру әдістерін зерттеумен айналысатын ғылым үшін әйелдерді манипуляциялау арқылы зорлық-зомбылық қылмыстардың екі түрі бар - пайдакүнемдік және эгойстік (өзімшіл) мақсаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар. Әйелдерге қатысты эгойстік (өзімшіл) мақсаттағы қылмыстық әрекеттер шабуылдаушы қылмысты жасау процесінің өзінен ләззат алады. Зорлықшыл пайдакүнемдік қылмыстарына келетін болсақ, олар белгілі бір мақсатпен жүзеге асырылады. Қылмыстың өзі белгілі бір нәтижеге жету тәсілі болып табылады. Жалдамалы жауыздықтың мысалы ретінде жәбірленушінің мүлкін иемдену үшін өлтіруді айтуға болады. Бізге белгілі «Қылмыскерлік» ұғымы қылмыстың көптігінің сипаты туралы мәлімет бере отырып, сол қылмыстардың статистикалық жиынтығының жағдайын көрсеткенде қолданылады. Зорлықшыл қылмыстарды жасаушы тұлғаға қандай фактор әсер етеді деген сұраққа жауап іздеген ғалымдар, көбіне әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық факторлардың әсерінен туындаған жайтарды атап көрсетеді. Ч. Ламброзе өз еңбектерінде қылмысқа мүмкіндігінше әсер ететін тікелей 14 факторлардың бар екенін көрсеткен. Сол аталмыш факторлардың ең маңыздысы әрі ең зерттеуді көп талап ететін түріне экономикалық факторды атап көрсеткен. Криминологиялық тұрғыдан әсер ететін экономикалық фактор, зорлықшыл қылмыстардың пайда болуына әсер етеді.


«Демек, егер экономика тұрақты болса, адамдардың өмір сүру деңгейі айтарлықтай жоғары болса, халықтың мүліктік қатынастағы тұрақтылығы онтайлы реттелген болса, экономиканың құрылымының деформациясы жақсы сипатта болса, басқа аумақтағы елді мекендердің дамуының тежелуін азайтсақ, алдыңғы қатарлы елдердің шикізат өндірудегі қолданатын тексерілген, маңыздылығын жоймаған, тәжірибелерімен алмасу процессін орындасақ, жалпылама қайтарымдылығы бар әлеуметтік-психологиялық қатынастарды

орнатсақ, кедергі болып тұрған экономикалық факторды біршама шешуге мүмкіндік алар едік» [11].

Біз осы жұмысымызда әйелдерге қатысты зорлықшыл қылмыстардың алдын алу шараларын нәтижелер бөлімінде қарастыратын боламыз.

Осы еңбекті дайындау үшін негізгі материалдар Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасын жетілдіру және тәуелді тұлғаларды пайдаланған ұйымдасқан және халықаралық қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін жаза тағайындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жаза тағайындау саясаты бойынша қазақстандық сот құқық қолдану практикасы болды. Сонымен қатар, зерттеу материалы негізінде Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы, интернет желісіндегі әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарға байланысты статистика мәліметтері мен халықаралық әйелдер қылмыстылығына қатысты ұйымдасқан қылмыстардың жалпыға тән ережелерін атап кеткен жөн.

Қылмыстық заңнамаға ұсынылып отырған жазаның жаңа редакциядағы мәтіні – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық және тұрақты қарулы топ (банда) мүшелерінің, тәуелділігін манипуляциялау арқылы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарын зерттеу барысында Қазақстан Республикасының сот тәжірибесіндегі негізгі тәжірибелер, тақырып аясындағы зерттеуді қамтитын бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық порталдар, әйелдерге және балаларға зорлық-зомбылық арқылы жасалған қылмыстар аясындағы зерттеулерді жинау, талдау аясында жүзеге асырылды. Сонымен қатар, әйелдерді манипуляциялау арқылы зорлық-зомбылық қылмыстарына байланысты шет елдік зерттеулер мен тәжірибелерді қолданудың үздік үлгілері талданып, мақаланың теориялық негізінде қолданылды.



Сурет 1- Гендерлік теңсіздік көрсеткіші

Ескертпе: ҚР-дағы 2008-2021 жж. аралығындағы гендерлік теңсіздік бойынша индекстік көрсеткіштер

Ислам мемлекеттерінде Ата заң болып табылатын құранда әйел мен еркектің теңдігі туралы тілге тиек етіледі. Дегенмен, онда ер адамның әйел адамнан бір бас жоғары тұрады деген ұғымды теріс түсіну жағдайлары да кездеседі. Мұнда дәрежелік, физикалық немесе құқықтық жағдайдағы артықшылығы емес, ер адамның әйел баласына қарағандағы жауапкершілігінің артықтығы, ауқымдылығы, ауырлығы жөнінде талқыланады.

Себебі, отбасын тамақпен, киіммен және тағы басқа керек жарақтарымен қамтамасыз етілуі мен олардың жауапкершілігі еркектің мойнында екендігін білдіреді. Оның салдары әйел мен еркек арасындағы гендерлік теңсіздікке алып келеді. Қазақстандағы 2021, 2022, 2023

жылғы гендерлік теңсіздік индексі (0,441) 2015 жылы (0,372) төмендегенімен, 2008 жылғы көрсеткішіне (0,459) қайта келіп қалған (Сурет 1).

Аталған диаграммада (Сурет 2) 2007 ж (35034) әйелдерге қатысты тіркелген зорлық зомбылық оқиғаларының саны 2013 ж (137,336), 2014 ж (136,705) 3,9 есеге дейін өсіп, 2021 жылы (61 464) азайғанымен (2007 жылмен салыстырғанда) әлі күнге дейін 1,8 есе өсіп отыр. Теңсіздік индексациясын төмендегідей салалармен деталізацияланған түрінде қарастырсақ, 2021 жылғы жерге иелік ететін ересек халықтың жынысы бойынша бөліністе (меншік иелері және жер пайдаланушылар көлемі) ерлердің үлесіне 7,43% тисе, әйел баласына бар болғаны 1,55 %.



Сурет 2- Қылмыстардың өсу динамикасы

Ескертпе: Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық құқық бұзушылықтардың көрсеткіштері

Бұл аймақ бойынша: Батыс Қазақстан облысында 10,18 %, Атырау облысында 1,49%, Маңғыстау облысында 0,77%, Ақтөбе облысында 0,88%, Қостанай облысында 1,78%, Ақмола облысында 3,82%, Солтүстік Қазақстан облысында 1%, Павлодар облысында 3,21%, Қарағанды облысында 1,35%, Шығыс Қазақстан облысында 3,35%, Қызылорда облысында 1,13%, Жамбыл облысында 2,81%, Түркістан облысында 7,59%, Алматыда 11,14%-ын құраған. Зорлық зомбылықтың көп алатын орны әлеуметтік қорғалмаған, тұрмысы қолайсыз қиын жағдайдағы отбасылары. Мұндай отбасылары елімізде - 6 983. Жоғарыдағы 6 983 тұрмысы төмен отбасыларынан басқа тіркелмегендер, тіркеле алмай жүргендер отбасындағы кәмелетке толмағандарды ескермегенде. Ал тағайындалған мемлекеттік жәрдемақының орташа мөлшері республикамызда 46 535 теңге болса, басқа өңірлердегі соммасы төмендегіні құраған (Сурет 3).

Ең көбі Қостанай облысында 1 032, Алматыда 709, Ақмола облысында 683, Шығыс Қазақстан облысында 681, Түркістан облысында 615 шоғырланған. Қалған аймақтардағы көрсеткіш төмендегідей мәліметтерді құраған: Батыс Қазақстан облысында 216, Атырау облысында 195, Маңғыстау облысында 185, Ақтөбе облысында 343, Қызылорда облысында 73, Шымкентте 210, Жамбыл облысында 299, Алматы облысында 476, Қарағанды облысында 544, Астанада 172, Павлодар облысында 287, Солтүстік Қазақстанда 263. Жалпы Қазақстан бойынша 936 189, оның ішінде ауыл аймағында 440 343, қала аймағында 495 846 адам табысы азық-түлік қоржыны төмен отбасылары ретінде ай сайынғы мемлекеттен жәрдем алушылардың санын құрайды. Бұл 18 жасқа толмаған балаларына ай сайын берілетін мемлекеттік жәрдемақымен қамтамасыз етілгендер.

Білмегенін білетіндерден, мамандарынан сұрау құқығы заңмен қамтамасыз етілгенімен, аталған құқықты барлығы қолдана бермейтініне келесі көрсеткіш те дәлел және ол зорлық зомбылықтың құрбаны болып қала берудің бірден бір себебі. Мемлекет кепілдік берген заң

көмегін алған (122 337 адам) халықтың үлесін қаладағылардан 105 051, ал ауылдағылардан 17 286-ы құраған.



Сурет 3 - Әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері

Ескертпе: ҚР-дағы 2009-2021 жж. аралығы бойынша кезең соңына тағайындалған мемлекеттік жәрдемақылар мөлшері

Бұл 19 млн аса халқы бар адамдарға шаққанда, 0,6%-ы ғана. Демек, адамдар өз құқықтарын толық қолдана алмайтындығының дәлелі. Аталған құқықтарды қамтамсыз етуде ұтқыр, ұялы телефондарға жынысы бойынша бөліністегі қолжетімдігі де негіз бола алмаған. Қазақстан бойынша телефондарды пайдаланушылардың жалпы үлесі 97,1%-ды құраса, оның ішінде ерлердіңкі 96,9%, әйелдердікі 97,2%. Әйел бабалары үшін үй тұрмысындағы ең ауыр да, шешілуі қиын шағдайлардың бірі – коммуникация мәселелері. Кейінгі он жылдықта үйдің (пәтердің) су құбырымен жабдықталған үлесі келесідей көрсеткішке ие: ауыл аймағында 2011 ж - 5,2, (қалада - 31,7), 2012 ж – 10,8, (54,7), 2013 ж – 18,1, (80,6), 2014 ж – 20,0, (84,1), 2015 ж – 22,3, (86,2), 2016 ж – 22,9, (86,3), 2017 ж – 24,4, (86,7), 2018 ж – 25,6, (87,2), 2019 ж – 26,5, (87,8), 2020 ж – 32,9, (83,2), 2021 ж – 28,5, (88,4).

Үлкен бизнестен көрі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде әйелдермен жұмыспен қамтылғандар саны да гендерлік теңсіздік индексінің негізгі көрсеткішін құрайды. Атап айтқанда кәсіптің аталған саласында барлығы тіркелген 1 431 647 субъектінің тек 638 089-ын әйелдер басқарады. Ал, жұмыспен қамтылған 3 511 618 адамның ішінде, 1 093 402-сі ғана әйелдер, яғни 31,1%-ды құрап отыр. Әйелдердің ұялы телефонды пайдаланудағы (0,2%-ға ғана) шамалы артық үлесі қызмет көрсету саласында да орын алған. Ол еркектерде 46,7%, әйелдерде – 53,3%. Ал, экономикалық қызмет түрлерінің басқа топтары бойынша қамтылғандардың жынысы бойынша бөліністегі көрсеткіштері ауыл шаруашылығындағы әйелдер 42,2%, еркектер 57,8%, өнеркәсіп және құрылыс саласында әйелдер 28,1%, еркектер 71,9%. Жұмыспен қамтылудағы әйел баласының көрсеткіші білім саласында ауыз толтырып айтылмағанымен басқа салаға қарағанда жоғарырақ. Жоғарғы оқу орындарының басшылары әйелдердің (ректорлардың) кейінгі жиырма жылдағы үлесі: 2000 жылы әйелдер 5 (еркектер 52), 2005 ж 6 (61), 2010 ж 7 (65), 2020 ж 23 (105), 2021 ж 24 (96), 2022 ж 25 (94). Шаруа және фермер қожалықтарын (ШФҚ) басқаратын әйелдер үлесін 2014 ж 18,7%-ы, 2015 ж 20,3%-ы, 2016 ж 20,7%-ы, 2017 ж 22,0%-ы, 2018 ж 23,1%-ы, 2019 ж 24,6%-ы, 2020 ж 25,4%-ы, 2022 ж, 2023 ж. 26,0%-ы құраған.

Сондай-ақ, Қазақстандағы сотталған әйелдердің саны: 2000 жылы – 8,014, 2001 ж – 7 920, 2002 ж – 7 620, 2003 ж - 6 039, 2004 ж – 4 726, 2005 ж – 4 213, 2006 ж – 3 449, 2007 ж – 3 817,

2008 ж- 4 237, 2009 ж – 4 784, 2010 – 4 256, 2011 ж – 3 098, 2012 ж – 2 469, 2013 ж – 2 923, 2014 ж – 3 307, 2015 ж – 3 405, 2016 ж – 3 425, 2017 ж – 3 437, 2018 ж – 3 202, 2019 ж – 2 540, 2020 ж – 2 646, 2021 ж – 2 949. 2021-жылы 2,7 есе азайғанымен, 2022, 2023 ж. кейінгі жылдарда әйелдер мен балалар арасындағы қылмыстылықтың саны өскен [12].

Қорытынды

Әрине қылмыстылықтың алдын алу ең адамгершілік және қылмыстық көріністерге қарсы тұрудың экономикалық құралы болып табылады. Тіпті Монтескье «Заңдар рухы туралы» еңбегінде қықбұзушылықтың алдын алудың маңыздылығын атап көрсетті: «...жақсы заң шығарушы қылмыс үшін жазалауды емес, қылмыстың алдын алуды ойлайды» [13]. Қылмысты бейтараптандырудың барабар шараларын әзірлеп, жүзеге асыру үшін құқық бұзушылықтың алдын алудың мазмұнын нақтылау қажет екені даусыз сияқты. Қылмыстылықты ескерту «...қылмыстық әрекеттердің болуын, болатынын болдырмау үшін алдын ала қабылданған шаралар» [14]. Жоғарыдағыларды зерделей келе, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарын алдын алуда келесідей шараларды ұсынамыз:

Ал, жүкті, есі кіресілі-шығасылы немесе психикалық ауытқуы бар әйел баласын қылмысқа итермелеуші әрекеттерін қылмыстың саралаушы белгілеріндегі ауырлататын мән жағдайлар ретінде қарастырып, жазаның ауыр түрін қолдану қажет [15].

Мектепке дейінгі, орта білім, арнайы орта білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында «Қоғамдағы әйелдер мен балалар құқығы» пәнін енгізуді сонымен қатар, қоғамдағы әйелдер құқығын қамтамасыз ету сұрақтары бойынша қамқоршылық және қоғамдық байқау кеңестерін құру қажет.

Қылмыстық заңнамаға қатысты ұсынысымыз. Заңсыз әрекеттер арқылы ана мен бала тәуелділігін қылмыс жолына, оларға зорлық-зомбылық көрсету үшін пайдаланған тұлғалардың әрекеттерін бөлек, яғни аяқталған қылмыс ретінде саралап, ауыр, аса ауыр қылмыстар қатарына жатқызып, ол үшін ауыр жаза тағайындау қажет

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Бұл зерттеуді 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша ЖТН BR 27882414 «Зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау және оңалту бағдарламасы: ресурстық модульдік орталықтар желісін іс жүзінде енгізу» жобасы бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалып, ҚР ҒЖЖБ министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Алауханов Е.О., Каирова Н.И. Преступное насилие в отношении женщин (уголовно-правовые и криминологические аспекты): Учеб. пособие. — Алматы: Нур-пресс, 2008. - 230 с.
- 2 Муханова Е.Д. Насилие в семье: проблема социальная и правовая. // Наука. Мысль: электронный периодический журнал. - 2017. - № 4. - 146 с.
- 3 Саламова С.Я. Домашнее насилие в современной России: Общая характеристика. // Lex Russica, 2018. - № 9 (142). - 130 с.
- 4 Бадамшин И.Д., Набиев Ф.Ф. Семейно-бытовое насилие: понятие, виды, причины. // Право: ретроспектива и перспектива, 2020 - № 10. - 70 с.
- 5 Martitah Martitah, Dewi Sulistianingsih, Rahmawati Mohd Yusoff, Noraini Ismail Insufficient criminal justice system response to the severity of domestic violence during the pandemic in Indonesia/ Available at: - URL: [https://www.cell.com/heliyon/fulltext/S2405-8440\(24\)09750](https://www.cell.com/heliyon/fulltext/S2405-8440(24)09750) (accessed: 21.04.2025).
- 6 Paulo Vieira-Pinto, José Ignacio Muñoz-Barús, Tiago Taveira-Gomes, Maria João Vidal-Alves, Teresa Magalhães .Intimate Partner Violence Against Women. Does Violence Decrease After the Entry of the Alleged Offender into the Criminal Justice System? *Forensic Sciences Research*, Volume 7, Issue 1, March 2022, P. 53–60. Available at: - URL: <https://doi.org/10.1080/20961790.2021.1960616> (accessed: 24.04.2025).
- 7 Moe A.M. (2004) Blurring the Boundaries: Women’s Criminality in the Context of Abuse. *Women’s Studies Quarterly*, 32(3/4), - P. 116–138 . Available at: - URL:<http://www.jstor.org/stable/40004583>. (accessed: 24.04.2025).
- 8 Simonelli A, Pasquali CE, De Palo F. (2014) Intimate partner violence and drug-addicted women: from explicative models to gender-oriented treatments. *Eur J Psychotraumatol*. Sep 12;5. Available at: - URL: <https://doi.org/10.3402/ejpt.v5.24496> (accessed: 24.04.2025).

- 9 Эрте Д.А. Виктимологические особенности женщин как жертв домашнего насилия. // Виктимология. 2019. - № 4 (22). -125 с.
- 10 Темирбеков А.А. Теоритические проблемы борьбы с преступностью в Республике Казахстан в условиях глобализации. Автореферат. дисс.доктора юридических наук. - Алматы, 2005. – 115 с.
- 11 Каиржанов Е.И. Криминология. Общая часть. – Алматы: Өркениет, 2000. – 288 с.
- 12 Бюро национальной статистики. Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.gender.stat.gov.kz> (дата обращения: 24.04.2025).
- 13 Монтескье Ш. Избранные произведения. — Москва, 1955. -125 с.
- 14 Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах преступного поведения. - Алма-Ата: Наука, 1971. – 34 с.
- 15 Бижан Н.Р., Каныбеков А.Ш. Айыптау және қорғау тараптарының жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатындағы бәсекеге қабілеттілік мәселесі. // «Хабаршы-Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. – 2023. – № 2 (80). - С. 36-41.

ПРОБЛЕМЫ НАКАЗАНИЯ ЗА НАСИЛЬСТВЕННЫЕ УГОЛОВНЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ В ОТНОШЕНИИ ЖЕНЩИН И ДЕТЕЙ

Аннотация

В настоящее время защита прав женщин и детей приобретает более актуальный и актуальный характер, чем в прошлом, и требует особого внимания со стороны всех членов общества. В работе научной статьи, выполненной авторами, рассматриваются вопросы исследования насильственных преступлений в современном обществе, в том числе в отношении женщин и детей, в связи с чем поднимаются вопросы применяемых по этим вопросам наказаний. Вместе с тем, данные понятия в уголовно-правовом законодательстве, результаты которых защищают женщину, беременную женщину от посягательств на права лиц, как в процессе привлечения к совершению уголовных правонарушений с использованием зависимости лиц с психическими расстройствами, так и в процессе привлечения к совершению уголовных правонарушений. Основной целью исследовательской статьи является выявление и совершенствование мер по предотвращению насильственных преступлений в отношении женщин и детей. В результате исследования были изучены личностные портреты и виктимологические замечания преступников (правонарушителей) в осуществлении насильственных преступлений в отношении женщин и детей, выявлены причины и условия совершения преступлений путем раскрытия характеристик жертв этих преступлений, комплекс текущих мер по профилактике (предупреждению) в ходе Отечественной и зарубежной практики.

Ключевые слова: женщина и ребенок, насильственные преступления, профилактика преступности, транснациональная преступная организация, транснациональное преступное сообщество, постоянная вооруженная группа (банда), наказание.

PROBLEMS OF PUNISHMENT FOR VIOLENT CRIMINAL OFFENSES IN RELATION TO WOMEN AND CHILDREN

Annotation

Protecting the rights of women and children is more relevant than ever and requires special attention from all members of society. The scientific article, carried out by the authors, examines the issues of research on violent crimes in modern society, including those against women and children, and therefore raises questions about the penalties applied in these matters. At the same time, these concepts are used in criminal law legislation, the results of which protect a woman, a pregnant woman, from encroachments on the rights of persons, both in the process of involving persons with mental disorders in the commission of criminal offenses, and in the process of involving persons with mental disorders in the commission of criminal offenses.

The main purpose of the research article is to identify and improve measures to prevent violent crimes against women and children. As a result of the study, the personal portraits and victimological remarks of criminals (offenders) in the commission of violent crimes against women and children were studied, the causes and conditions of crimes were identified by revealing the characteristics of victims of these crimes, a set of ongoing preventive measures in the course of Domestic and foreign practice.

Keywords: woman and child, violent crimes, crime prevention, transnational criminal organization, transnational criminal community, permanent armed group (gang), punishment.

REFERENCES

- 1 Alauhanov E.O., Kairova N.I. Prestupnoe nasilie v otnoshenii zhenshchin (ugolovno-pravovye i kriminologicheskie aspekty) [*Criminal violence against women (criminal law and criminological aspects)*]: Ucheb. posobie. - Almaty: Nurpress, 2008. - 230 p. [in Russian]
- 2 Muhanova E.D. Nasilie v sem'e: problema social'naya i pravovaya [*Domestic violence: a social and legal problem*]. // Nauka. Mysl': elektronnyj periodicheskiy zhurnal. - 2017. - № 4. - 146 p. [in Russian]
- 3 Salamova S.Ya. Domashnee nasilie v sovremennoj Rossii: Obshchaya harakteristika. [*Domestic violence in modern Russia: A general description*]. // Lex Russica, 2018. - № 9(142). - 130 p. [in Russian]
- 4 Badamshin I.D., Nabiev F.F. Semejno-bytovoe nasilie: ponyatie, vidy, prichiny [*Domestic violence: concept, types, causes*]. // Pravo: retrospektiva i perspektiva, 2020. - № 10. - 70 p. [in Russian]
- 5 Martitah Martitah, Dewi Sulistianingsih, Rahmawati Mohd Yusoff. Noraini Ismail Insufficient criminal justice system response to the severity of domestic violence during the pandemic in Indonesi/ Available at: - URL: [https://www.cell.com/heliyon/fulltext/S2405-8440\(24\)09750](https://www.cell.com/heliyon/fulltext/S2405-8440(24)09750) [in English] (accessed: 21.04.2025).
- 6 Paulo Vieira-Pinto, José Ignacio Muñoz-Barús, Tiago Taveira-Gomes, Maria João Vidal-Alves, Teresa Magalhães .Intimate Partner Violence Against Women. Does Violence Decrease After the Entry of the Alleged Offender into the Criminal Justice System? *Forensic Sciences Research*, Volume 7, Issue 1, March 2022, P. 53–60. Available at: - URL: <https://doi.org/10.1080/20961790.2021.1960616> [in English] (accessed: 24.04.2025).
- 7 Moe A.M. (2004) Blurring the Boundaries: Women's Criminality in the Context of Abuse. *Women's Studies Quarterly*, 32(3/4), - P. 116–138 . Available at: - URL:<http://www.jstor.org/stable/40004583>. [in English] (accessed: 24.04.2025).
- 8 Simonelli A, Pasquali CE, De Palo F. (2014) Intimate partner violence and drug-addicted women: from explicative models to gender-oriented treatments. *Eur J Psychotraumatol*. Sep 12;5. Available at: - URL: <https://doi.org/10.3402/ejpt.v5.24496> [in English] (accessed: 24.04.2025).
- 9 Erte D.A. Viktimologicheskie osobennosti zhenshchin kak zhertv domashnego nasiliya [*Victimological features of women as victims of domestic violence*]. // Viktimologiya. 2019. - № 4 (22). - 125 p. [in Russian]
- 10 Temirbekov A.A. Teoriticheskie problemy bor'by s prestupnost'yu v Respublike Kazahstan v usloviyah globalizacii [*Theoretical problems of combating crime in the Republic of Kazakhstan in the context of globalization*]. // Avtoreferat. diss. doktora yuridicheskikh nauk. - Almaty, 2005. – 115 p. [in Russian]
- 11 Kairzhanov E.I. Kriminologiya. Obshchaya chast' [*Criminology. The general part*]. – Almaty: Orkeniet, 2000. – 288p. [in Russian]
- 10 Montesk'e Sh. Izbrannye proizvedeniya [Selected works]. — Moskva, 1955. 151 p. [in Russian]
- 11 Dzehebaev U.S. O social'no-psihologicheskikh aspektah prestupnogo povedeniya [On the socio-psychological aspects of criminal behavior]. — Alma-Ata: Nauka, 1971. — 34 p. [in Russian]
- 12 Byuro nacional'noj statistiki. Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan. Available at: - URL: <https://gender.stat.gov.kz> [in Russian] (accessed: 24.04.2025).
- 13 Montesk'e SH. Izbrannye proizvedeniya. [*Selected works*]. — Moskva, 1955. -125 p. [in Russian]
- 14 Dzehebaev U.S. O social'no-psihologicheskikh aspektah prestupnogo povedeniya. [*On the socio-psychological aspects of criminal behavior*]. - Alma-Ata: Nauka, 1971. – 34 p. [in Russian]
- 15 Bizhan N.R., Kanybekov A.Sh., Ajyptau zhane korgau taraptarynyn zharyspalylygy men ten kukylygy kagidatyndagy basekege qabiletilik maselesi [The problem of competitiveness on the principle of competitiveness and equality of the parties to prosecution and defense]. // «Habarshy-Vestnik» B. Bejsenov at. Karagandi akademiasi. – 2023. – № 2 (80). - P. 36-41. [in Kazakh]

Information about the authors:

Nurlan Bizhan - **corresponding author**, PhD in Law, Associate Professor of the Department of «Business and Law», University A.Zh. Tashenov, Shymkent, Republic of Kazakhstan

E-mail: bizhan.72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4411-2341>

Gulzagira Atakhanova - PhD in Law, Professor of the Department of «Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics» Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: atakan73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2747-2772>

Kuanysh Aratuly - PhD, Associate Professor of the Department of «Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics» Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: crimedep2016@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4149-4727>

Информация об авторах:

Нурлан Бижан - **основной автор**, кандидат юридических наук, доцент кафедры «Бизнес и право», Университет имени А.Ж. Ташенова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

E-mail: bizhan.72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4411-2341>

Гульзагира Атаханова - кандидат юридических наук., профессор кафедры «уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», КазНУ имени Аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: atakan73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2747-2772>

Куаныш Аратулы - PhD, ассоциированный профессор кафедры «уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», КазНУ имени Аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: crimedep2016@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4149-4727>

Авторлар туралы ақпарат:

Нурлан Бижан - **негізгі автор**, заң ғылымдарының кандидаты, «Бизнес және құқық» кафедрасының доценті, А.Ж.Ташенев атындағы Университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: bizhan.72@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4411-2341>

Гульзагира Атаханова - заң ғылымдарының кандидаты, заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: atakan73@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2747-2772>

Куаныш Аратулы - PhD, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: crimedep2016@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4149-4727>